



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

ЖОО-ДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШСЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Жұбанова Шұға Атапкелқызы
Магистрант
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ
Адилышинова Зина Усейнгазиевна
ғылыми жетекші п.ф.к.,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ

Аннотация

Мақалада мұғалімдердің имидж ұғымын түсіндірудің тәсілдері қарастырылған. Имиджді қалыптасырудың функциялары мен педагогикалық кәсіби саласындағы ерекшеліктер және қазіргі ұстаздың имиджін қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Түйінді сөздер: имидж функциялары, мұғалім имиджі, педагогикалық имидж.

Аннотация

В статье рассмотрены основные подходы к трактовке понятия педагогического имиджа. Определены функции имиджа и особенности формирования имиджа в сфере педагогической профессиональной деятельности, определены пути формирования имиджа современного учителя.

Ключевые слова: имидж учителя, педагогическая имиджелогия, функции имиджа.

Abstract

The article discusses the main approaches to the interpretation of the concept of pedagogical image. The functions of the image and the features of image and the features of image formation in the field of pedagogical professional activity are determined, the ways of forming the image of a modern teacher are determined

Key words: teacher image, pedagogical imageology, image functions

Жас ұрпақтардың тәрбиесі болашақ қоғам тәрбиесі екені бәрімізге анық. Солбіздің болашақ қоғам мүшелерінақыл-парасаты мол, жан-жақты дамыған, мәдениеті жоғары етіп тәрбиелеу бүгінді танда әр ұстаздың, сонымен қатар бұл бала тәрбиелеп отырған ата-ананың басты борышы. Жас өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік игі қасиеттерді дарыту отбасынан бастау алып, балабақша мен мектеп жүйесінде көрініс табуы қажет. Жас бала жас шыбық демекші, кішкентай кезінде қалайесең, өскенде сол бір иілген күйінде қатып қалмақ. Қисық иіліп қалған жас шыбықты кейін түзеймін десең, оны сындырып алуын мүмкін. Міне сол себептіде жас ұрпақ тәрбиесімен айналысатын ұстаздарға үлкен жауапкершілік артылатыны анық. Бұл тұста әр педагог қандай тұлғаны қалыптастыратынын біліп, кәсіби шеберлігін арттыруы және оны сезінуі аса маңызды. Ұлы ағартушы К.Д. Ушинский өзінің еңбектерінде «өз қызметін айқын мақсатын көрмейтін тәриеші құрылыс материалдарын бір жерге үйіп таста, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен» салыстырады. Яғни, болашақ педагогтар өздерінің мамандықтарын жан қалауымен таңдауы, оны сезінуі аса маңызды. Бұлай айтуымыздың себебі, ЖОО-да оқу тәжірибесінде болашақ жас ұстаздардың өз жүрек қалауынсыз мамандықты таңдауы көңілге қаяу түсіреді.

Мұғалімнің имиджі – бұл объектінің нақты қасиеттерінде негізі жоқ, бірақ осы объектіні қабылдаушы үшін әлеуметтік маңызы бар объектіге қосымша құндылықтар беретін ассоциация әдісі. Мұғалімнің имиджі кәсіби имидж аясында қарастырылады және кәсіби маман ретінде мұғалімнің жеке басының субъектісі анықтайтын әлеуметтік-психологиялық сипатқа ие жеке құбылыс. Ол тұлғаның маңызды ерекшеліктерін, кәсіби қызметі мен қарым-қатынасын, мұғалімнің мінез-құлқы мен сыртқы келбетін көрсетеді. [1, б.50]

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуы олардың бойында адамгершілік мәдениет, интеллектуалды, өзін-өзі ұстай білу мәдениетінің дамуымен қарастыру қажет. Педагогтың кәсіби мәдениеті ол мұғалімнің мәдениетінің белгісі ретінде оның қызметін атқару барысында кәсіби шығармашылығы негізінде көрініс табады. Адамзат қоғамы рухани дүниесіз өмір сүруі мүмкін емес. Баланың алғашқы ұстазы, бастауыш мектеп мұғалімінің рухани ішкі дүниесінің көркем болуы оның сыртқы қоршаған ортамен бір арнаға тоғысуын қамтамасыз ететініне ешкімнің күмәні жоқ. Оқушы бойында білім беру дағдыларын қалыптастыру бастауыш мектептен бастау алады. Сонымен қатар оқытудың барлық деңгейлері білім мазмұнының игеруге негіз болады. Қазіргі уақытта жас ұрпақты рухани

адамгершіліктұрғысында тәрбие беру аса маңызды мәнге ие болуда. Бұндай аса жауапты міндет негізінен білім беру ұйымдарына жүктелген. Бұндағы басты мақсат өскелең ұрпақтың бойына бала кезден мейірімділік, адамгершілік, қайырымдылық тәрізді құндылықтарды дарыта отырып, рухани бай, терең ойлы, жауапкершілікті ала алатын толықанды тұлға қалыптастыру. Адамның рухани дүниесінің бай болуы оның қоршаған ортаны тануына зор мүмкіндік береді. Адамзат баласының өзіндік оқу тәрбиесін қалыптастыру мәселесі жылдар бойы өзектілігін жоғалтқан емес. Осы тұста қоғамның әлеуметтік психологиялық қалпы мен болашақ бастауышынып мұғалімдерінің рухани адамгершілік мәдениеттерімен тығыз байланысты қарастырылады.

Педагогикалық рухани адамгершілік мәдениеттің негіздерін толық игеру, белгілі бір бейнені – имиджді қалыптастыру болып табылады. Имиджді қалыптастыру арнайы білім, білік, дағдыны меңгеруімен байланысты жүзеге асады. Осы тұста ғалым А.А. Калюжный «Жоғары мектепте бір тұтас педагогикалық процесті ұтымды ұйымдастыру негізінде педагог, оқытушы, беделі мен имиджін қалыптастырудың орыны бөлек» - деп ерекше назар аударған. [2, б.32]

Имидж тұлғаның сыртқы түріне ғана байланысты емес, сонымен қатар оның психикасына да тәуелді болады. Осы орайда тұлға туралы пікір оны бағалау кезінде, көрген кезде алғашқы әсерлерден қалыптасуы мүмкін. Сол себепті бұл терминдер, «имидж» және «пікір» мазмұн жағынан жуықтау болғанымен, өзіндік айырмашылықтары бар. Яғни «имидж» тіркесін қолдану түрлері мынадай: педагог имиджі, дәрігер имиджі, т.б. Ал «пікір» тіркесі «адам пікірі» деп қолданылады.

Педагог имиджі оның сыртқы бейнесінен, сөйлеу мәнерінен, өзі ұстауынан, іс-әрекетінен болған жағдайда көрінеді және оны қоршаған әлеуметтік ортаның ой пікірінен құралады. [3, б.18]

Имидж адамгершілік қасиеттерден, кәсіби тәжірибеден, білімділігінен құралады. Тұлғаның имиджін қалыптастыруда ескеретін жағдайлар:

- Тұлғаның әлеуметтік сипаты;
- Қоғам талаптарына сай болуы;
- Символикалық сипаттар;

Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты.

Жалпы имидждің құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады:

- Қызметтік қарым – қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану)
- Визуальді белгілер – бойдың, дене бітімің, шаш үлгісінің үйлесімділігі.
- Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар
- Тіл табысу білу қабілеті ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі.

Сонымен, педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады:

- Жеке және тұлғалық қасиеттер
- Коммуникативтік қасиеттер
- Кәсіби іс – әрекеттің және мінез – құлықтың ерекшеліктері.

Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар:

- балаларды жақсы көру
- мейірімділік
- шынайылық
- тілдесе алу икемділігі

Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа әлеуметтік экономикалық қоғам қажеттіктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың құзыреттілік сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр. Мәселен, Болон процесі оқытудағы білім, білік, дағдыға қоса құзыреттілік сапаларының қарастырылуын жаңа парадигма туғызып отырған қажеттілік деп бағалайды. Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық болса, сол жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты. Жалпы имидждің құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады: – Қызметтік қарым-қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану) – визуальді белгілер – бойдың, дене бітімің, шаш үлгісінің үйлесімділігі. – Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар – тіл табыса білу қабілеті ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі. Сонымен, педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады: жеке және тұлғалық қасиеттер, коммуникативтік қасиеттер, кәсіби іс-әрекеттің және мінез-құлықтың ерекшеліктері. Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар: балаларды жақсы көру – мейірімділік – шынайылық – тілдесе алу икемділігі. [5, б.32]

Басқа мамандық иелеріне қарағанда педагогтардың мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені мұғалім әрдайым аудитория ішінде және көпшілік назарында болуы маңызды роль атқарады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау барысында олардың ішкі рухани жан дүниесіне, шәкірттерінің арасындағы қарым-қатынасына, қоршаған ортаға, қоғам мен мемлекеттегі өзгерістерге көзқарастары ЖОО-ның оқу процестері барысында болашақ маманның имиджелогиялық қасиетті бойына дарыту маңызды болып табылады. [4, б.46] Бастауыш мектептен білім беру дағдыларын қалыптастырып және оқытудың барлық деңгейлерінде білім мазмұның игереді.

Жақсы педагог-оқытушы қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек. Бәсекеге қабілетті Қазақстанның қарышты экономикасы десек те, жақсы экономикадан демеу алатын, қуатты әлеуметтік мемлекеттің қабілетті халқы үшін де ең қажеттісі – білімділік. Уақыт талабына сай білім мазмұнын жаңарту – бүгінгі күннің басты міндеті. Сондықтан оқу-ағарту саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгерудің қажеттілігі туындайды. Бұл бағытта мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек қажет-ақ. XXI ғасыр білімнің жаңа философиясын, жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияларын талап етеді.

Білім негізі бастауышта, сондықтанда бастауыш сынып оқушыларына білім берудегі мақсат өзбағытында еркін дұрыс шешім қабылдайтын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бастауыш мектеп бұл оқушыны одан әрі оқытуда болашақ жетістіктің негізі және бастауыш сынып мұғаліміне ерекше жауапкершілікті міндеттейді. Қазіргі білім беру саласында маңызды міндет бұл оқушыларға білім алу, өзін жетілдіру және дамыту қабілеттерін жүзеге асыратын оқу-әрекеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұның барлығы ЖОО-да бастау алады. Әлеуметтік тәжірибені саналы, белсенді игеруі арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Калюжный А.А. Формирования имиджа учителя. – М: Владос, 2005. – 177 с
- 2 Калюжный А.А. Педагогическая имиджелогия. – Алматы, 2004.
- 3 Рысбеков Т., Рысбекова С. Болашақ ұстаз тұлғасының кәсіби дамуы // Қазақ тарихы. – 2013. № 4(121). 6-7 б.
- 4 Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе –А Оқу құралы-2005-28б
- 5 А.К. Мынбаева, Жаманкулова А. Имидж учителя и преподавателя вуза: сравнительный аспект. – KazNU Bulletin. «Pedagogical science» series. №2 (36). 2012.

UDK 372.857

USING THE METHOD OF "ASSESSMENT" IN TEACHING THE TOPIC OF CARBOHYDRATES

Zaripbayev Kunkhoja Sheripbaevich
Nukus, Republic of Uzbekistan
NSPI named after Ajiniyaz
Master's student
E-mail: zkunxoja@gmail.com
¹Shurenbaeva Umitay
Nukus, Republic of Uzbekistan
NSPI named after Ajiniyaz
student
E-mail: shurenbaevau@gmail.com
Dzhumanova Zyada Keunimjaevna
Nukus, Republic of Uzbekistan
Docent of KSU named after Berdakh,
Candidate of Chemical Sciences
E-mail: djumanovaziyada@gmail.com

Abstract

Different ways to analyze student learning, provide opportunities for testing and self-assessment, and focus on measuring learning and approximate skills. Cognitive activity of students of different directions (testing, teaching problem situations, comparative analysis, symptomatic diagnosis). Improving the long-term plan (target program), which serves for a comprehensive assessment of the knowledge, enterprise and experience of students, determining their capabilities and their development.